

## Қазақстан Республикасында Бағдарламаларды әзірлеудің ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 25 мамыр N 789. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.02.26. N 231 қаулысымен.

Бағдарламаларды әзірлеуге бірыңғай көзқарасты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында Бағдарламаларды әзірлеудің ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары бағдарламаларды әзірлеу кезінде осы Ережені басшылыққа алсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 25 мамырдағы  
N 789 қаулысымен  
бекітілген

### **Қазақстан Республикасында Бағдарламаларды әзірлеудің ережесі**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасында бағдарламаларды әзірлеуге бірыңғай көзқарасты қамтамасыз ету мақсатында әзірленді және бағдарламалардың жобаларын қалыптастыру ұғымдарын, ұйымдық-методологиялық негіздерін, жалпы қағидаттарын, оларды әзірлеудің, келісудің және бекітудің, сондай-ақ олардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асырудың тәртібін белгілейді.

2. Бағдарламаларды Қазақстан Республикасының орталық, жергілікті атқарушы органдары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар стратегиялық және индикативтік жоспарларға сәйкес өмірдің экономикалық, әлеуметтік және басқа да салаларының неғұрлым маңызды проблемаларын шешу үшін әзірлейді. Бағдарламалар, тек, егер онда баяндалған проблемаларды шешу тиісті мемлекеттік орган - әзірлеушінің құзыреті шеңберінде жүзеге асыру мүмкін емес жағдайда әзірленеді. <\*>

*Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен .*

3 .            Б а ғ д а р л а м а л а р :

- 1) өздерінің мәртебесі мен маңызы бойынша: мемлекеттік, салалық(

секторалдық) және аймақтық; < \* >

2) іске асыру мерзімдері бойынша: қысқа мерзімді (2 жылға дейін) және орта мерзімді (3 жылға дейін); < \* >

3) проблемалары бойынша: әлеуметтік, экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық және тағы сол сияқты болып бөлінеді.

*Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен .*

4. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1 ) < \* >

2) индикативтік жоспар - мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық даму саясатының негізгі бағыттарын, жоспарланатын кезеңге арналған оларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсатты көрсеткіштерін (индикаторларын) және мемлекеттік экономикалық реттегіштердің тізбесін қамтитын құжат.

Индикативтік жоспарлар орын алып отырған проблемаларды кешенді түрде шешуге және стратегиялық мақсаттарға кезең-кезеңімен қол жеткізуге бағытталған, орта мерзімді және ағымдағы перспективаға арналған мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатты айқындайды;

3) бағдарлама - стратегиялық және индикативтік жоспарларға сәйкес елдің, салалардың, аймақтардың экономикасын дамытудың және жекелеген қызмет салаларының нақты мақсаттарына қол жеткізуге, нақты проблемаларын шешуге бағытталған өзара байланысты ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік, қаржылық және техникалық шаралардың жиынтығы; < \* >

4) мемлекеттік бағдарлама - Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен және республиканың бүкіл аумағында немесе басым бөлігінде іске асырылатын бағдарлама ;

5) салалық (секторалдық) бағдарлама - экономиканың жекелеген салаларының, олардың кіші салаларының және секторларының даму проблемаларымен байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен бағдарлама ; < \* >

6) аймақтық бағдарлама - аймақтық (аумақтық) маңызы бар проблемаларды шешуге бағытталған, мәслихаттар бекіткен бағдарлама;

7) іс-шаралар жоспары - мерзімдерін, орындаушыларын, аяқтау нысандарын белгілеу арқылы бағдарламалық құжаттарды іске асыруға бағытталған нақты іс-қимылдардың жиынтығы. < \* >

*Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен.*

5. Қазақстан Республикасында бағдарламалардың мынадай сатылары белгіленеді :

1) мемлекеттік бағдарлама ;

2) салалық(секторалдық) бағдарлама ;

### 3) аймақтық бағдарлама.

*Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен.*

5-1. Бағдарламалық іс-шараларды іске асыруға арналған, мемлекеттік, салалық (секторалдық) және аймақтық бағдарламаларда көзделген шығыстардың жалпы көлемі республикалық және жергілікті бюджеттердің үш жылдық кезеңге арналған болжамдық көрсеткіштері шеңберінде айқындалады. <\*>

*Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен.*

6. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың бағдарламалар әзірлеу жөніндегі қызметіне әдістемелік басшылықты Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі жүзеге асырады. <\*>

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен.

## 2. Тұжырымдама әзірлеудің негізгі қағидаттары <\*>

*Ескерту. 2-бөлім алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен.*

## 3. Мемлекеттік бағдарлама

11. Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабына сәйкес мемлекеттік бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

12. Қазақстан Республикасының Үкіметі, егер ол жалпыұлттық сипаттағы неғұрлым маңызды міндеттерді шешуге бағытталған жағдайда, салалық бағдарламаға мемлекеттік мәртебесін беру туралы Мемлекет басшысына ұсыныс енгізеді.

Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен.

13. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

## 4. Салалық (секторлық) бағдарлама

14. Салалық (секторлық) бағдарлама салалық (секторлық) маңызы бар неғұрлым маңызды міндеттерді шешуге бағытталған өзара байланысты шаралардың кешенін айқындайды. <\*>

*Ескерту. 14-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен.*

5. Салалық(секторалдық) бағдарламаны орталық атқарушы органдар ұлттық компаниялармен және экономиканың тиісті секторларында жұмыс істеп тұрған мемлекеттік ұйымдармен бірлесіп әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

*Ескерту. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен.*

## 5. Аймақтық бағдарлама

16. Аймақтық бағдарлама аймақтық (аумақтық) әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты шаралар кешенін айқындайды.

17. Аймақтық бағдарламаны облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдіктері әзірлейді. < \* >

Қазақстан Республикасы Конституциясының 86-бабына сәйкес аймақтық бағдарламаларды жергілікті өкілді органдар бекітеді.

*Ескерту. 17-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен.*

## **6. Мемлекеттік, салалық (секторлық) және аймақтық бағдарламаларға қойылатын негізгі талаптар**

18. Бағдарламалар неғұрлым маңызды экономикалық, әлеуметтік және басқа да міндеттерді шешуге бағытталған өзара байланысты шаралар кешенін айқындайды, мақсатты жіті анықтауға негізделеді және Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған даму Стратегиясында белгіленген экономикалық дамудың ұзақ мерзімді стратегиялық басымдықтарын ескере отырып, республикада тиімділігі жоғары ұлттық экономика жасау үшін қойылған мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін, күтілетін нәтижелерді көрсету арқылы мерзімдері, ресурстары және орындаушылары бойынша келісілген іс-шаралардың жүйесін қамтиды. < \* >

*Ескерту. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен .*

### **19 . Бағдарламалар :**

1) бағдарламаның нақты мақсаттарын, оларды іске асыру жолдарын жіті айқындауға ;

2) бағдарламалық іс-шаралар мен тапсырмалардың атаулылығына, мерзімдерді нақты белгілеуге және оларды іске асырудың дәйектілігіне, орындаушылар қызметінің бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізуге қатаң бағдарлануына ;

3) ұқсас бағдарламалармен келісушілікке қол жеткізуге;

4) қаржы, адам және техникалық ресурстар мен оларды қамтамасыз ету көздерінің теңгерімділігіне негізделген негізгі нышандары болуы тиіс.

### **20 . Мынадай :**

1) негізгі макроэкономикалық көрсеткіштермен пайыздық қатынаста алынған шығындардың көлемін күні бұрын реттейтін;

2) тиісті қаржы жылына бюджет қабылданғаннан кейін оның кірістерінің азаюына және шығыстарының ұлғаюына әкелетін бағдарламалардың қабылдануына ;

3) олар мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылған жағдайда, қаржыландыру көздері мен мерзімдері бөлігінде бағдарламалық іс-шараларды қаржыландыру көлемі бойынша тиісті бюджеттік комиссиялардың оң қорытындысынсыз; < \* >

4) қолданыстағы бағдарламалардың мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ осы бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды қайталайтын. < \* >

*Ескерту. 20-тармақ 3),4)-тармақшалармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен.*

21. Олардың іске асырылуы мемлекеттік бюджет қаражаттарының есебінен бірнеше жыл бойы қаржыландыруды талап ететін бағдарламалар, үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік бюджеттің болжамдық көрсеткіштеріне сәйкес іс-шаралар, оларды іске асыру мерзімдері және қаржыландыру көздері бойынша қаржыландырудың болжамды көлемдері туралы мәліметтерді қамтуы тиіс. <\*>

*Ескерту. 21-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен .*

## **7. Бағдарламаның құрылымы**

22. Бағдарламаның құрылымы мынадай бөлімдерді қамтиды:

- 1) паспорт (бағдарламаның негізгі параметрлері);
- 2) к і р і с п е ;
- 3) проблеманың қазіргі жай-күйін талдау;
- 4) Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері;
- 5) Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі;
- 6) қажетті ресурстар мен оларды қаржыландырудың көздері;
- 7) Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже;
- 8) Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары.

23. Паспортта іске асыру мерзімін көрсету арқылы осы Бағдарламаның атауы мен қысқаша мазмұнын қамтитын, Бағдарламаның негізгі параметрлері с и п а т т а л а д ы .

24. Кіріспеде Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздемені, оны әзірлеу алдындағы ж ә й т т е р і н кө р с е т у қ а ж е т .

25. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау мәселенің сандық және сапалық сипаттамаларын, негізгі экономикалық көрсеткіштерін динамикада көрсетуі тиіс.

Бұл ретте, осы проблеманың негізгі параметрлерін (күшті және әлсіз жақтарын) баса көрсету, оны шешудің мүмкін жолдарын, қаржыландыру көздерінің бар-жоғын көрсету қажет.

Салалық ғылыми-техникалық бағдарламалар үшін маркетингтік зерттеулер жү р г і з і л у і м ү м к і н .

26. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері айқын, нақты, бақыланатын және тексерілетін болулары тиіс.

Бағдарламаның басты мақсаты елдің ұзақ мерзімді даму Стратегиясына және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары басшылыққа а л ы н ы п қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

Бағдарламаның басты мақсаты кезеңдер бойынша жекелеген бағдарламалық мақсаттар мен міндеттерге бөлінеді (басты мақсатты проблемаларды құрылымдау және шағын бағдарламаларды бөліп көрсету жолымен неғұрлым

жекелеген мақсаттарға тәптіштеп бөлу арқылы).

27. Дамудың негізгі бағыттары мен құралдар тізбесімен, сондай-ақ қойылған мақсаттарға қол жеткізу және алда тұрған міндеттерді шешу жөніндегі шаралармен, алдын ала қабылданған іс-әрекеттердің іске асырылу дәрежесін сипаттайтын индикативтік көрсеткіштер бірге жүреді.

28. Бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары, мемлекеттік займдар, мемлекеттік кепілдік арқылы тартылатын мемлекеттік емес займдар, тікелей шетелдік және отандық инвестициялар, халықаралық қаржы ұйымдарының немесе донор елдердің гранттары болуы мүмкін.

Бағдарламаға мемлекеттік бюджеттен мемлекеттік қолдау жүзеге асырылған жағдайда қаржыландырудың жылдар бойынша нақты көлемдері, үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік бюджеттің болжамдық көрсеткіштеріне сәйкес іс-шаралар және қаржыландыру көздері көрсетілуі тиіс. <\*>

Салалық және аймақтық бағдарламалар бойынша несиелер және меншіктің барлық нысандарындағы ұйымдардың өз қаражаты қаржыландыру көздері ретінде көзделуі мүмкін.

*Ескерту. 28-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен.*

29. Бағдарламаны енгізудегі күтіліп отырған нәтиже проблеманы сипаттайтын бірқатар маңызды көрсеткіштердің болжамды есептерінен және Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде қол жеткізілуі мүмкін оң өзгерістерден көрінеді.

30. Бағдарламаның қойылған мақсаттарына қол жеткізу үшін оны іске асыру жөнінде іс-шаралар жоспары әзірленуге тиіс. Осы Ереженің 13-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Іс-шаралар жоспары Бағдарламаның құрамдас бөлігі болып табылады және ресурстары, жауапты орындаушылары және жүзеге асыру мерзімдері (айы немесе тоқсаны және жылы) бойынша ұштастырылған Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттарымен келісілген ұйымдастыру, экономикалық, ғылыми-техникалық және басқа да іс-қимылдар кешенін білдіреді және 1-қосымшаға сәйкес нысанда әзірленеді. <\*>

*Ескерту. 30-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен.*

## **8. Бағдарламаларды әзірлеудің және бекітудің тәртібі**

31. Бағдарламаны әзірлеудің және бекітудің келесі кезеңдері бөліп көрсетіледі:

- 1) ұйымдастырылуы;
- 2) ұсыныстар дайындау және Бағдарламаның жобасын қалыптастыру;
- 3) Бағдарламаны келісу және бекіту.

32. Бағдарлама жобасын әзірлеудің ұйымдастыру кезеңіне:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның

тиісті шешімімен белгіленетін, Бағдарламаны әзірлеуге жауапты орталық немесе жергілікті атқарушы органды айқындау.

Қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кесімімен мүдделі мемлекеттік органдардың және мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдерінен құралған Бағдарламаны әзірлеу жөніндегі комиссия (жұмыс тобы) құрылады;

2) орталық немесе жергілікті атқарушы орган басшысының, оларды кейіннен тең атқарушы-мемлекеттік органдарға және ұйымдарға жібере отырып, Құжаттар бағдарламасын (Бағдарламаны әзірлеуді үйлестіру жоспарын, Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін, оның тұжырымдамалық көзқарастарын, Бағдарламаның негізгі бөлімдерінің құрылымын) әзірлеу жөніндегі жауапты орындаушыны бекітуі кіреді.

33. Ұсыныстар дайындау және Бағдарламаны қалыптастыру кезеңі:

1) Бағдарламаны тең атқарушы-ұйымдардың, жауапты орындаушының сұратуларының негізінде әзірленетін Бағдарламаға тұжырымдамалық көзқарас және жекелеген бөлімдері бойынша, оның мақсаттары мен міндеттері бойынша, сондай-ақ оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарына ұсыныстар тапсыруын;

1-1) тиісті бюджеттік комиссия анықтаған бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстардың лимиттерін алуы; <\*>

2) Бағдарламалардың және оларды іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарларының жауапты орындаушыларының бірлесіп орындаушылардың ұсыныстары және алынған шығыстардың лимиттері негізінде әзірлеуді көздейді.

< \* >

*Ескерту. 33-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен .*

34. Бағдарламаны келісу кезеңі өзіне:

1) жауапты орындаушының Бағдарлама жобасын барлық мүдделі орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға келісуге жіберуді;

2) қаржыландыру көздері және мерзімдері бөлігінде бағдарламалық іс-шараларды қаржыландыру көлемі бойынша тиісті бюджеттік комиссияларға Бағдарламаның жобасын келісуге жіберуді қамтиды.

Егер Бағдарламаның жобасы мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды талап еткен жағдайда, ол 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпарат беріле отырып, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарау кезеңінде бюджеттік комиссияға енгізіледі.

Бағдарламаның жобасында көзделген іс-шаралар бюджеттік өтінімде ұсынылатын бюджеттік бағдарламаларға ұштастырылуы тиіс. <\*>

*Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен .*

34-1. Бағдарламаны бекіту кезеңі өзіне мыналарды қамтиды:

1) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе жергілікті өкілді органға Бағдарламаны бекіту туралы шешімдердің келісілген жобаларын ұсыну;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті өкілді органның Бағдарламаны бекітуі. <\*>

*Ескерту. 34-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен .*

## **9. Бағдарламаны іске асырудың және оның іске асырылуын бақылауды жүзеге асырудың тәртібі**

35. Бағдарламаны іске асырудың және оның іске асырылуын бақылауды жүзеге асырудың мынадай кезеңдері бөліп көрсетіледі:

- 1) Бағдарламаның іске асырылуы;
- 2) Бағдарламаның іске асырылуын бақылау;
- 3) Бағдарламаны аяқтау туралы шешім қабылдау.

36. Бағдарламаның іске асырылуы:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті өкілді органның бекітілген Бағдарлама жөніндегі шешімдерін тиісті орталық және жергілікті атқарушы органдарға жеткізуден;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті өкілді органның шешімдерінде айқындалған Бағдарламаның жауапты орындаушысына тең орындаушы - орталық және жергілікті атқарушы органдардың, өздеріне бекітілген Бағдарламаның тармақтарын және іс-шаралар жоспарын іс жүзіне асыру жөнінде, кемінде жылына екі рет есептер тапсыруынан;

3) жауапты орындаушының Бағдарламаны және іс-шаралар жоспарының жүзеге асырылуын бақылауды жүзеге асыруынан және Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе жергілікті өкілді органға кемінде жылына екі рет есептер беруінен;

4) қажет болған жағдайларда, тиісті бюджеттік комиссиялардың Бағдарламаны іске асыруға қатысушы орталық және жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары бойынша Бағдарламаға және оны іс жүзіне асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына жылына екі реттен асырмай түзетулер енгізуден  
т ұ р а д ы . < \* >

*Ескерту. 36-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен .*

37. Бағдарламаны аяқтау туралы шешім қабылдау кезеңіне: жауапты орындаушының тең орындаушылармен бірлесіп Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе жергілікті өкілді органға одан әрі ұсына отырып, Бағдарламаны іске асыру



нәтижелері бойынша түпкілікті есепті дайындауы;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті өкілді органның Бағдарламаның іске асырылуы жөнінде есепті қарауы және бағдарламаны аяқтау және оны бақылаудан алу туралы шешімдер қабылдауы кіреді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 0 ж ы л ғ ы 2 5 м а м ы р д а ғ ы

№ 7 8 9 қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

*Ескерту. 1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен .*

### Іс-шаралар жоспарының нысаны

р/с!Іс-шара! Аяқтау!Орындауға (іске!Орындау (іске!Болжамды!Қаржылан.  
N ! ! нысаны!асыруға) жауап.!асыру) мерзімі!шығыстар! дыру  
! ! ! тылар ! ! ! көзі

1 2 3 4 5 6 7

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 0 ж ы л ғ ы 2 5 м а м ы р д а ғ ы

№ 7 8 9 қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

*Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.04.12. N 426 қаулысымен .*

### Мемлекеттік, салалық (секторалдық), аймақтық бағдарламалардың жобалары туралы ақпаратты бюджеттік комиссияға ұсыну нысаны

Мемлекеттік, салалық (секторалдық)  
аймақтық бағдарламаның атауы \_\_\_\_\_

Әзірлеуші (жауапты орындаушы) \_\_\_\_\_

! ! ! ! ! !Бюджеттік өтінімдегі  
! ! ! ! ! !бюджеттік бағдарламалар  
р/!Іс-шара!Аяқ. !Орындауға !Орындау!Бол.!Қар.!\_\_\_\_\_  
с ! !тау ! (іске ! (іске !жамды!жы.!Бюджеттік! Сомасы  
N ! ! ! асыруға) !асыру) !шығыс!лан.!бағдарла.!\_\_\_\_\_

! ! !жауаптылар!мерзімі!тар !дыру!маның !жылы\*!жы.!жы.  
! ! ! ! ! !көзі!коды, ! !лы\*!лы\*  
! ! ! ! ! ! атауы ! ! !

---

1 2 3 4 5 6 7 8 9

---

\* осы бағанда алдағы жылдан бастап Бағдарламаны іске асыру жылы көрсетіледі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК